

**Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 29 қазандағы № 397 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 қазанда № 37267 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 581-бабының 4 және 5-тармақтарына, сондай-ақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2025 жылғы 29 қазандағы  
№ 397 бұйрығына 1-қосымша

**Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 581-бабының 4 және 5-тармақтарына, сондай-ақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі;

2) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) – орталық уәкілетті орган ведомствосының облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық бөлімшелері;

3) мемлекеттік кірістер органы (бұдан әрі – салық органы) – өз құзыреті шегінде салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасында кедендік реттеуді, Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның қарауына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын мемлекеттік орган.

3. Осы Қағидалардың ережелері Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 581-бабы 4 және 5-тармақтарына сәйкес егер жер пайдалану құқығы үш жылдан аспаса,

онда екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымға және оның еншілес компанияларына қолданылмайды.

## **2-тарау. Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау тәртібі**

### **1-параграф. Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау**

4. Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының жер заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау мыналар арқылы жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 14-1-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына және 3-тармағының 12) тармақшасына сәйкес объектілер салуға арналған жер учаскелерінің иелерін (жер пайдаланушыларды) есепке алу;

2) объектілер салуға арналған жер учаскелерін игеру, оларды Қазақстан Республикасының жер заңнамасын сақтай отырып тиісті мақсаттарда пайдалану үшін Кодекстің 92-бабында белгіленген мерзімдердің орындалуын мониторингтеу (бұдан әрі – мониторинг).

5. Жер учаскелерін есепке алуды жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган объектілер салуға арналған жер учаскелері туралы ақпаратты жинау арқылы жүзеге асырады және жер учаскелерін пайдалануды талдау мен бақылау үшін дұрыс деректердің берілуін қамтамасыз ете отырып, мониторинг жүргізуге негіз болып табылады.

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**6-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.04.2026 № 126 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Жүйелі байқаулар, жерүсті түсірілімдері, зерттеп-қараулар, түгендеу нәтижелері, жерлерді пайдалану мен қорғауға қатысты материалдар, мұрағат деректері, жерлерді қашықтықтан зондтау деректері, мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және электрондық ақпараттық ресурстардан алынған мәліметтер, жерлерді мониторингтеу үшін ақпарат көздері болып табылады.

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**7-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.04.2026 № 126 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Мониторингтеуді жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) бастамасы бойынша жүргізілетін жерлерді түгендеу;

2) құрылыс салуға бөлінген жер учаскелерінде салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер туралы мемлекеттік қала құрылысы кадастрынан алынған ақпаратты талдау;

3) "Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу тәртібін айқындайтын қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 86 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9981 болып тіркелген) сәйкес салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендерді мониторингтеу;

4) Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінен ақпарат алу нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**8-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.04.2026 № 126 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Жер учаскелерін есепке алуды және мониторингті жүзеге асыру барысында жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган игеру мерзімі өтіп кеткен не күнтізбелік жылдың тиісті тоқсанының соңына дейін мерзімі аяқталатын объектілер салу үшін берілген жер учаскелері бойынша:

1) мемлекеттік қала құрылысы кадастрынан осындай жер учаскелерінде салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер туралы мәліметтер алу үшін тиісті жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне;

2) осындай жер учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының жүргізіле бастағаны (құрылыс басталған кезде) туралы хабарламалар, сондай-ақ салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің салыну мерзімін көрсете отырып, оларға мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша мәліметтер алу үшін тиісті жергілікті атқарушы органның мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне;

3) жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесінен жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамалары (кадастрлық нөмірі, нысаналы мақсаты, алаңы, сондай-ақ жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар туралы мәліметтер), сондай-ақ жылжымайтын мүлікке құқықтарды және ауыртпалықтарды мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер алу үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына тиісті сұранымдар жібереді.

9. Мониторинг қорытындылары бойынша:

1) республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы тоқсан сайын есептік тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші күніне дейінгі мерзімде осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері туралы ақпаратты (бұдан әрі – ақпарат) қалыптастырады және оны электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жоспардан тыс тексеріс жүргізу үшін аумақтық бөлімшеге жолдайды;

2) ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы ақпаратты қалыптастырып, оны электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жоспардан тыс тексеріс жүргізу үшін аумақтық бөлімшеге жарты жылда бір рет, тиісті жылдың он бесінші маусымынан және он бесінші қарашасынан кешіктірмей жолдайды.

10. Ақпараттың негізінде аумақтық бөлімше объектілер салу үшін берілген және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау мақсатында меншік иелерінің (жер пайдаланушылардың) жерлерінің пайдаланылуы және қорғалуы үшін тиісті шаралар қабылдайды.

Объектілер салу үшін берілген жер учаскелерінің тиісті мақсаттарда пайдаланылмау немесе Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұза отырып пайдалану фактілері расталған жағдайда, мұндай жер учаскесінің меншік иесіне (жер пайдаланушыға) бұзушылықтарды жою туралы нұсқама тапсырылады.

11. Аумақтық бөлімше тиісті шаралар қабылдау нәтижелері бойынша жыл сайын, есепті жылдан кейінгі екінші айдың он бесінші күнінен кешіктірілмейтін мерзімде объектілер салуға арналған, тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша салық органына – нұсқама берілген жер учаскелері, меншік иелері (жер пайдаланушылар) бойынша ақпарат жолдайды.

**2-параграф. Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін анықтау**

12. Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін анықтау мыналар арқылы жүргізіледі:

1) Кодекстің 14-1-бабының 2-тармағының 19) тармақшасына және 3-тармағының 12) тармақшасына сәйкес шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерінің иелерін (жер пайдаланушыларды) есепке алу;

2) шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерін пайдалану мониторингі;

3) Жерді қашықтықтан зондтау деректерін пайдалану.

13. Жер учаскелерін есепке алуды жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері туралы ақпаратты жинау арқылы жүзеге асырады және жер учаскелерін пайдалануды талдау мен бақылау үшін дұрыс деректердің берілуін қамтамасыз ете отырып, мониторинг жүргізуге негіз болып табылады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**14-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.04.2026 № 126 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Жүйелі байқаулар, жерүсті түсірілімдері, зерттеп-қараулар, түгендеу нәтижелері, жерлерді пайдалану мен қорғауға қатысты материалдар, мұрағат деректері, жерлерді қашықтықтан зондтау деректері, мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және электрондық ақпараттық ресурстардан алынған мәліметтер, жерлерді мониторингтеу үшін ақпарат көздері болып табылады.

15. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін пайдалану мониторингін ұйымдастыру және жүргізу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 252 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18997 болып тіркелген) бекітілген Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру және жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тиісті мақсаттарда  
пайдаланылмайтын немесе  
Қазақстан Республикасының  
заңнамасы бұзыла отырып  
пайдаланылатын жер  
учаскелерін анықтау  
қағидаларына қосымша

Нысан

Әкімшілік деректерді  
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.gov.kz](http://www.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері туралы ақпарат



Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почтасының мекенжайы \_\_\_\_\_

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

(электрондық цифрлық қолтаңбасы)

\_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

Ескерту: Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз  
негізде жинауға арналған  
"Объектілер салуға арналған  
және тиісті мақсаттарда  
пайдаланылмайтын немесе  
Қазақстан Республикасының  
заңнамасы бұзыла отырып  
пайдаланылатын жер учаскелері  
туралы ақпарат" нысанына  
қосымша

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері туралы ақпарат" нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (индексі: № 1-ОСАЖУА нысаны, кезеңділігі: тоқсан сайын/ жарты жылда бір рет)**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері туралы ақпарат" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган толтырады.

3. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысанды жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне:

республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы – тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейін;

ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы – жарты жылда бір рет, тиісті жылдың 15 маусымынан және 15 қарашасынан кешіктірмей ұсынады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның (жер учаскесінің меншік иесі, жер пайдаланушысы) аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында жер учаскесі меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бағанында жер учаскесінің кадастрлық нөмірі мен орналасқан жері көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында жер учаскесінің нысаналы мақсаты көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында жер учаскесінің жалпы ауданы гектармен көрсетіледі.

12. Нысанның 7-бағанында жер учаскесіне құқық белгілейтін құжатқа сәйкес игеру шарттары мен мерзімдері көрсетіледі.

13. Нысанның 8-бағанында сәулет-жоспарлау тапсырмасының болуы/болмауы көрсетіледі.

14. Нысанның 9-бағанында объекті салуға техникалық шарттардың болуы/болмауы көрсетіледі.

15. Нысанның 10-бағанында объектіні салу жобасының болуы/болмауы көрсетіледі.

16. Нысанның 11-бағанында құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаның болуы/болмауы көрсетіледі.

17. Нысанның 12-бағанында салынуы белгіленген және салынып жатқан объектілер мен кешендерді мониторингтеу нәтижелері бойынша объект пен кешеннің жай-күйі туралы ақпарат көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2025 жылғы 29 қазандағы  
№ 397 бұйрығына 2-қосымша

## **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы

№ 194 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16949 болып тіркелген).

2. "Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 194 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 6 наурыздағы № 80 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20100 болып тіркелген).

3. "Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 143 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22658 болып тіркелген).

4. "Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 395 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26426 болып тіркелген).

5. "Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 19 мамырдағы № 188 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32539 болып тіркелген).

6. "Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы

№ 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 5 наурыздағы № 86 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34126 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК